

Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 4-4/704 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 тамызда № 11927 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.08.2021 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 6) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.08.2021 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.08.2021 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жетекшілік етуші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 16 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 20 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 23 сәуір

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2014 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 4-4/704 бұйрығымен

бекітілген

Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестіктігін растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.02.2023 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Біліктілік талаптары	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін			
ЗҚАИ-ның ескертпесі!			
1-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.05.2026 № 191 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.			

1	<p>Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі және өндірістік үй-жайлар және пестицидтерді сақтауға арналған қойма үй-жайларынан, пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған жабдықтардан тұратын өндірістік-техникалық базаның болуы.</p>	<p>Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе жалдау немесе өтеусіз пайдалану шарттарының көшірмесі немесе осы шарттар бір жылдан аз мерзімге жасалған жағдайда, сенімгерлік басқару шартының көшірмесі; өндіруші зауыттардың жабдықтарға арналған пайдалану паспорттары; санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі</p>	<p>Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (жалдау /өтеусіз пайдалану/бір жылдан астам мерзімге сенімгерлік басқару) үй-жайлар болған жағдайда, ақпарат "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесінен алынады</p>
2	<p>Өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер сапасының техникалық регламенттерге, стандарттар мен нормативтерге сәйкестігіне бақылау жүргізуге арналған аккредителген зертхананың не аккредиттелген зертханамен жасалған шарттың болуы</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер</p>	
3	<p>"Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйым дербес бекіткен әрбір пестицидті өндіруге (формуляциялауға) арналған ұйым стандартының болуы</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер</p>	
4	<p>Ұйым стандартына сәйкес өтініш беруші бекіткен пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған технологиялық (өнеркәсіптік) регламенттің болуы</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер</p>	
	<p>Басшылар мен мамандардың мынадай</p>		

5	<p>білікті құрамының болуы :</p> <p>пестицидтерді өндірумен (формуляциялаумен) тікелей айналысатын бөлімшелерде тиісті жоғары техникалық, технологиялық және агрономиялық білімі бар, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 5 (бес) жылды құрайтын басшылар (кемінде 2 (екі) адам) және тиісті жоғары химиялық немесе технологиялық білімі немесе арнайы орта химиялық немесе технологиялық білімі бар, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 (үш) жылды құрайтын мамандар (кемінде 3 адам)</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер</p>	
---	---	---	--

Пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.05.2026 № 191 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6	<p>Пестицидтерді сақтауға арналған меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі қойма үй-жайларының болуы</p>	<p>Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе шарт бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда, жалдау немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік басқару шартының көшірмесі</p>	<p>Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалдау / өтеусіз пайдалану/ сенімгерлік басқару) өндірістік үй-жайлар бар болған жағдайда, ақпарат "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесінен алынады</p>
	<p>Басшылар мен мамандардың мынадай білікті құрамының бар болуы:</p> <p>пестицидтерді өткізумен тікелей айналысатын бөлімшелерде тиісті жоғары техникалық, технологиялық немесе агрономиялық білімі бар, мамандығы бойынша</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына 2-</p>	

7	практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 (екі) жылды құрайтын басшылар және тиісті жоғары техникалық, технологиялық немесе агрономиялық білімі немесе арнайы орта техникалық, технологиялық немесе агрономиялық білімі бар, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 1 (бір) жылды құрайтын мамандар	қосымшаға сәйкес пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер	
Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін			
8	Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі арнайы техниканың болуы	Осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер	
9	Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі техника үшін пайдаланылатын көлік құралының болуы	Осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер	
ЗҚАИ-ның ескертпесі!			
10-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.05.2026 № 191 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.			
10	Пестицидтерді сақтауға арналған, өнеркәсіптік, ө р т , санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін меншік құқығындағы немесе өзге	Өндірістік үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар немесе шарт бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда, жалдау немесе өтеусіз пайдалану немесе сенімгерлік басқару шартының көшірмесі;	Меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалдау / өтеусіз пайдалану/ сенімгерлік басқару) өндірістік үй-жайлар бар болған жағдайда, ақпарат

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

3. Пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған жабдықтар туралы мәліметтер:

Р/с №	Жабдықтың атауы	Жабдыққа арналған паспорттың нөмірі	Өзірлеуші зауыттың атауы	Өзірлеуші зауыттың мекенжайы
1	2	3	4	5

4. Өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер сапасының техникалық регламенттерге, стандарттар мен нормативтерге сәйкестігіне бақылау жүргізуге арналған аккредителген зертхана туралы не аккредиттелген зертханалармен жасалған шарт туралы мәліметтер:

Аккредиттеу аттестатының нөмірі _____
 Аккредиттеу әрекетінің басталу күні _____
 Аккредиттеу әрекетінің аяқталу күні _____
 Аккредиттеу субъектісінің атауы _____
 Техникалық регламент талаптарына сәйкестігі (нормативтік құжаттың атауы)

Бағалау объектілері _____

Зертханамен қызметтер көрсетуіне арналған шарт туралы мәліметтер:

Шарт нөмірі _____

Жасалған күні _____

Зертхананың толық атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Мекенжайы _____

5. "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйым бекіткен әрбір пестицидті өндіруге (формуляциялауға) арналған ұйым стандартының бар-жоғы туралы мәліметтер:

Ұйым стандартының төлнұсқасын ұстаушы _____

Сыртқы экономикалық қызмет өнімдерін сыныптаушы _____

Стандарттардың мемлекетаралық жіктегіші _____

Стандартты өзгерту нөмірі _____

Стандарттың белгіленуі _____

Стандарттың атауы _____

Ұйым стандарты әрекетінің басталу күні _____

Ұйым стандарты әрекетінің аяқталу күні _____

Қала _____

6. Ұйым стандартына сәйкес өтініш беруші бекіткен пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған технологиялық (өнеркәсіптік) регламенттің бар-жоғы туралы мәліметтер:

Технологиялық (өнеркәсіптік) регламент құжатының толық атауы _____
 Құжатты бекіткен адамның аты, әкесінің аты (бар болса),
 тегі, _____

Құжаттың бекітілген күні _____

7. Басшылар мен мамандардың білікті құрамы туралы мәліметтер:

Р/с №	Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Мамандығы бойынша дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі (Лауазымы дипломды шетелдік оқу орны берген жағдайда – т а н у / нострификациялау туралы мәліметтер)		Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне
 2-қосымша
 Нысан

Пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер

1. Пестицидтерді сақтауға арналған меншік құқығындағы қойма үй-жайларының бар-жоғы туралы мәліметтер:

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік иесі (құқық иеленуші)	Құқығы туындайтын негіз
1	2	3	4	5

2. Өзге заңды негіздегі (жалдау/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) қойма үй-жайларының бар-жоғы туралы мәліметтер:

Р/с	Объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтер			

№	Шарттың нөмірі	Шарттың күні	Объектінің мекенжайы	атауы	бизнес-сәйкестендіру нөмірі	жеке сәйкестендіру нөмірі	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7	8

3. Басшы мен маманның білікті құрамы туралы мәліметтер:

Р/с №	Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Мамандығы бойынша дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі (дипломды шетелдік оқу орны берген жағдайда – тану/нострификациялау туралы мәліметтер)	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне
3-қосымша
Нысан

Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер

1. Арнайы техника туралы мәліметтер (тізімдеме):

Р/с №	Арнайы техника	Саны, дана
1	2	3

2. Негізгі құралдар туралы мәліметтер (тізімдеме):

Р/с №	Негізгі құралдар	Орналасқан жері
1	2	3

3. Аккредиттелген сынақ зертханалары берген сынақ нәтижелері туралы мәліметтер

:

сынақ нәтижесін берген орган _____
 моделі, маркасы _____

—

дайындаушы _____

зауыттық нөмірі, шыққан жылы _____

қондырғыны немесе арнайы техниканы иеленуші _____

сынақтар жүргізуге арналған шарттың нөмірі мен күні _____

сынақтарды өткізу орны _____

сынақтарды өткізу күні _____

қолданылған өлшеу құралдарының деректері _____

сынақтарды жүргізу шарттары _____

сынақ нәтижесі _____

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген) бекітілген Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына сәйкес ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшесі берген көлік құралын тіркеу туралы куәліктің бар-жоғы туралы мәліметтер:

Р/с №	Иеленуші (жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі /заңды тұлғаның атауы)	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	Маркасы, моделі	Шыққан жылы	Көлік құралының санаты (А, В, С, D, E)	Қозғалтқыш нөмірі
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Шасси нөмірі	Шанақ нөмірі	Түсі	Қозғалтқыш көлемі, текше метр	Ең жоғарғы рұқсат етілген масса, килограмм	Жүктемесіз масса, килограмм	Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшесінің берген күні
8	9	10	11	12	13	14

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 11702 болып тіркелген) бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы берген техникалық паспорттың бар-жоғы туралы мәліметтер:

P/c №	Машинаның атауы және маркасы	Жалпы мәліметтер						
		Өзірлеуші зауыт	Өзірленген айы және жылы	Машинаның зауыттық нөмірі	Қозғалтқыштың маркасы және нөмірі	Меншік иесі/ меншік иесі болып табылмайтын иеленуші, мекенжайы (керегін тандау):	Нөмірлік белгі берілді	Ерекше белгілері
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Техникалық паспорт берілді (күні)	Сериясы	Нөмірі	Машиналарды тіркеуге қабылдау және тіркеуден шығару			
			Салдарынан тіркеуден шығарылды	Тіркеуден шығарылған күні	Тіркеуге алынды (жаңа меншік иесінің мекенжайы)	Тіркеуге алынған күні
10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы

Нөмірлік белгіні өзгерту	
Нөмірлік белгіні берген күні	Белгінің сериясы және нөмірі
17	18

6. Меншік құқығындағы пестицидтерді сақтауға арналған қойма үй-жайларының бар-жоғы туралы мәліметтер:

P/c №	Кадастрлық нөмірі	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік иесі (құқық иеленуші)	Құқығы туындайтын негіз
1	2	3	4	5

7. Өзге заңды негізде (жалдау/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) қойма үй-жайларының бар-жоғы туралы мәліметтер:

P/c №	Шарттың нөмірі	Шарттың күні	Объектінің мекенжайы	Объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтер			
				толық атауы	бизнес-сәйкестендіру нөмірі	жеке сәйкестендіру нөмірі	Мекенжайы

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

8. Басшылар мен мамандардың білікті құрамы туралы мәліметтер:

P/c №	Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Мамандығы бойынша дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі (дипломды шетелдік оқу орны берген жағдайда –тану/нострификациялау туралы мәліметтер)	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс етілі
1	2	3	4	5